

Қазақстан Республикасының төменгі соттарын қалыптастырудың уақытша тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 31 қаңтар 1994 ж. N 1534. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.03.17. N 2125 Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы 10 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасы Заңының 2 бабы негізінде қаулы етемін:

1. Жаңадан сайланған жоғарғы және жергілікті өкілетті органдардың алғашқы сессияларының жұмысы басталғанға дейін соттарды қалыптастырудың төмендегідей тәртібі белгіленсін:

судьялардың тиісті біліктілік алқаларының қорытындысын ескере отырып облыстық, Алматы, Ленинск қалалық, аудандық /қалалық/ халық және әскери соттарының судьялары міндеттерін атқаруды Қазақстан Республикасының Әділет министрі жүктейді;

Судьяларды мерзімінен бұрын қызметінен босату және оларды заңда қарастырылған негіздер бойынша өкілеттіктен айыру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Әділет министрі қабылдайды.

2. Судьялардың міндетін атқару олар Қазақстан Республикасының

жоғарғы және жергілікті өкілетті органдарының сессияларында заңда белгіленген тәртіппен сайланғанға дейін жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Осы Жарлықтың Заңмен бірдей күші бар, ол жария етілген күннен бастап күшіне енеді және Қазақстан Республикасының жаңадан сайланған Жоғарғы Кеңесінің алғашқы сессиясында бекітілуге тиіс.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы қаласы. 1994 жылғы 31 қаңтар

N 1534

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК